

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ережені бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 357 қаулысы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заңдарына сәйкес 2022 жылғы 24 қарашадан бастап қолданысқа енгізілетін Ереженің 15-тармағының 248), 249) және 250) тармақшаларын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 2 маусымдағы
№ 357 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді, қорғаныс саласында басшылықты, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін (бұдан әрі – Қарулы Күштер) әскери-саяси және әскери-экономикалық басқаруды, әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган, сондай-ақ мемлекеттік авиация және аумақтық қорғаныс салаларындағы уәкілетті орган болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.08.2025 № 616 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

1) бейбіт уақытта – Қарулы Күштердің Бас штабы;

2) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитеті.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.10.2025 № 881 қаулысымен.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Министрліктің, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған уәкілеттік берілсе, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Министрлік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрықтарымен және директиваларымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы мен штат саны лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Министрліктің орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 14-үй.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2022 № 834 (ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Министрліктің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Министрлікке Министрліктің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджет кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекетте бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізу;

2) Қарулы Күштерді әскери-саяси және әскери-экономикалық басқаруды жүзеге асыру;

3) агрессияға тойтарыс беру, Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен егемендігін қарулы қорғау, мемлекеттік және әскери объектілерді күзету және қорғау, әуе кеңістігін қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындау үшін Қарулы Күштердің жауынгерлік әзірлігін және жауынгерлік қабілеттілігін қамтамасыз ету.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындау үшін міндетті құқықтық актілерді қабылдау;
заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;
өз құзыреті шегінде консультативтік-кеңесші және сараптау комиссияларын құру;
сотқа жүгіну;
тексерулер мен сараптамалар жүргізуге басқа ұйымдардан мамандар тарту;
заңнамада белгіленген тәртіппен өз өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін ведомствоға беру;

Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Министрлік реттейтін салалардағы қызметті жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

демеушілік, қайырымдылық көмекті, сондай-ақ әскери-техникалық ынтымақтастық шеңберінде көрсетілетін көмекті алу және пайдалану;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

реттелетін салада Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдануға талдау жүргізу;

бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті жасау.

15. Функциялары:

1) қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

2) Әскери доктринаны, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрылысы мен даму тұжырымдамасын, сондай-ақ әскери қауіпсіздік және қорғаныс мәселелері жөніндегі тұжырымдамаларды әзірлейді;

2-1) әскери жоспарлау жүйесін әзірлейді;

3) Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарын және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшысының директиваларын әзірлеуді үйлестіреді және бекітуге ұсынады;

4) Қазақстан Республикасының Президенті және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қарулы Күштердің, Министрліктің және Министрлікке ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штат саны лимиттері шегінде Министрліктің құрылымын және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының және Министрлік пен оның ведомствосының қарамағындағы республикалық мемлекеттік мекемелердің штат санын, штаттарды, штаттарға табельдерді әзірлейді, әскери басқару органдарының штаттарын және штаттарға табельдерін есепке алуды жүргізеді;

5) мемлекетте бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізеді;

6) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің әскери құрамдасын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде Министрліктің әскери барлау органдарының қызметін ұйымдастырады;

7) Қарулы Күштер түрлерінің, әскер тектері мен арнайы әскерлердің жедел мақсаты мен міндеттерін, оларды басқа да әскерлермен және әскери құралымдармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің қарулы күштерімен өзара іс-қимылда қолдануды айқындайды;

8) Министрліктің террористік тұрғыдан осал әскери бөлімдері мен мекемелерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастырады;

9) қорғаныстық зерттеулерге, әскери қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және басқа да жұмысқа басшылықты жүзеге асырады, олардың сапасын бақылауды ұйымдастырады;

10) қорғанысты ғылыми қамтамасыз етуді, оның ішінде қорғаныстық зерттеулерді ұйымдастырады және үйлестіреді;

11) әскерлерді инспекциялауды және Қарулы Күштердегі қаражаттың жұмсалыуына бақылауды жүзеге асырады;

12) ведомстволық әскери оқу орындарына қабылдауды, олардағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

13) қорғаныстық зерттеулерді қаржыландыру тәртібін айқындайды;

14) ведомстволық әскери оқу орындарының қызметін және оқу-тәрбие жұмысының сапасын бақылауды жүзеге асырады;

15) әскерге шақыру жасына дейінгі және әскерге шақырылатын жастарды әскери қызметке даярлауды үйлестіреді;

16) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;

17) жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу жөнінде шаралар қабылдайды;

- 18) қорғаныс және әскери қызмет мәселелері бойынша жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 19) бітімгершілік операцияға даярлық қағидаларын әзірлейді, сондай-ақ оларды орындауды ұйымдастырады;
- 20) бітімгершілік операцияға даярлық жоспарын бекітеді;
- 21) экономиканың, мемлекеттік органдардың және меншік нысанына қарамастан, ұйымдардың жұмылдыру дайындығын ұйымдастыруға қатысады, сондай-ақ Қарулы Күштердің жұмылдыру жоспарын бекітеді;
- 21-1) көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысады және шаралар қабылдайды;
- 22) жеке әскери-есептік құжаттарды ресімдеу, оларды беру, есепке алу, сақтау және жою тәртібін айқындайды, сондай-ақ жеке әскери-есептік құжаттар бланкілерін жасауды ұйымдастырады;
- 22-1) Министрліктің Орталық архивінен шығатын архивтік анықтамаларға және архивтік құжаттардың көшірмелеріне апостиль қояды;
- 23) халықаралық әскери және әскери-экономикалық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 24) әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 25) терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезінде әуе, су және жерүсті кеңістігінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысады;
- 26) әскери басқару органдарының, әскерлер (күштер) түрінің жауынгерлік, жұмылдыру әзірлігін және жауынгерлік қабілеттілігін қамтамасыз етеді;
- 27) Қарулы Күштердің республикалық мемлекеттік мекемелері басшыларының тамақтандыруды және монша-кір жуу қызметін көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі шарттық міндеттемелерді орындайтын жеке және заңды тұлғаларға ғимараттарды, асханалардың, монша-кір жуу комбинаттарының үй-жайларын және олардағы әскери мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) өтеусіз уақытша беру тәртібін айқындайды;
- 28) Қарулы Күштерде заңдылық пен құқық тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады және әскери қызметшілерді, олардың отбасы мүшелері мен азаматтық персоналды әлеуметтік және құқықтық кепілдіктермен қамтамасыз етеді;
- 29) өз құзыреті шегінде әскери қызмет өткеру, қорғаныс және Қарулы Күштердің мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды және олардың орындалуын бақылайды;
- 30) Қарулы Күштердің әуе кеңістігінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуді ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрлықта, ішкі және аумақтық суларда, сондай-ақ су астындағы ортада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауға қатысуын қамтамасыз етеді;

31) азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар үшін бірлесіп пайдаланылатын диапазондардағы радиожиілік спектрін бөлуді және пайдалануды келіседі, сондай-ақ мемлекеттің қорғаныс мұқтажы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында радиожиілік спектрін және тиісті радиоэлектрондық құралдарды пайдалануды реттеуді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

32) Қарулы Күштердің мұқтажы үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырады;

33) Қарулы Күштерде шифрлау жұмысын жүзеге асырады;

34) Қарулы Күштерде мемлекеттік құпияларды және ақпарат қауіпсіздігін қорғауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

35) Қарулы Күштерде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғаудың криптографиялық құралдарын жобалауды, енгізуді, сүйемелдеуді, шығаруды ұйымдастырады;

36) өз құзыреті шегінде әскери қауіпсіздік саласындағы ақпараттық кеңістікті мониторингтеуді және оған қатер төндіретін көздерге қарсы іс-қимылды жүргізеді;

37) азаматтық қорғанысты ұйымдастыруға қатысады;

38) әуе кеңістігін пайдалануды және мемлекеттік авиация қызметін мемлекеттік реттеуді, мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

39) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылауды және оларды қабылдауды жүзеге асырады;

40) уәкілетті мемлекеттік орган басшысының ұсынуы бойынша Қарулы Күштердің әскери бөлімдеріне және ұйымдарға, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның азаматтық қорғанысты басқару органдары мен әскери бөлімдеріне, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің әскери бөлімдеріне шартты атаулар береді;

41) қарулы жанжалға мәжбүрлеу мақсатында басқа мемлекеттер тарапынан болған арандатушылық іс-әрекеттерден, Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығын бұзудан туындаған төтенше жағдайлардан сақтандыруға қатысады;

42) Қарулы Күштерді материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

43) Қарулы Күштерде әскери-тарихи және мәдени жұмысты ұйымдастырады;

44) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 13.08.2025 № 616 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

45) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, Қарулы Күштердің аумақтық әскеріне басшылық жасауды жүзеге асырады;

46) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қарулы Күштерді жұмылдыруға, соғыс жағдайына және соғыс уақытына даярлауды

жүзеге асырады, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, аумақтық әскерлерді, әскери оқытылған резервті даярлауды үйлестіреді;

47) Қарулы Күштерде бірыңғай мемлекеттік кадр саясатын іске асыруды қамтамасыз етеді;

48) Қарулы Күштердің кадр саясаты тұжырымдамасын бекітеді, өз құзыреті шегінде кадрларды орналастыруды және әскери атақтар беруді жүзеге асырады, Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына лауазымдар тізбесіне сәйкес лауазымдарға тағайындау және әскери атақтар беру бойынша ұсыныстар енгізеді;

49) Министрлік және Қарулы Күштердің мемлекеттік мекемелері шегінде әскери мүлікті береді, сондай-ақ пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мүліктік жалдауға (жалға) береді;

50) Қарулы Күштердің әскери мүлкін пайдаланылмайтын мүлік деп таниды;

51) қорғаныс өнеркәсібі саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, пайдаланылмайтын мүлікке жатқызылған оқ-дәріні жою жөніндегі бірлескен іс-қимылды бекітеді;

52) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасайды;

53) қару-жарақты бақылау саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын сақтау мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасайды және басқа да қатысушы мемлекеттердің осы шарттарды орындауын қадағалайды;

54) әскери медицинаны қамтамасыз ету саласындағы бағдарламаларды іске асырады;

55) техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік реттеуге жатқызылатын өлшемдер тізбесін бекітеді;

56) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою туралы ұсыныстарды дайындауды және стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізуді жүзеге асырады;

57) стандарттау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ұлттық стандарттарды және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын әзірлеуді жүзеге асырады;

58) стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын және ұлттық стандарттау жоспарын қарайды;

59) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру бойынша ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;

60) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің және стандарттау жөніндегі ұлттық органның, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысады;

61) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

62) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдаланумен байланысты жұмыстарды жүргізуге рұқсат алу үшін Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары өкілдерінің қатысуымен Қарулы Күштер республикалық мемлекеттік мекемелерінің арнайы сараптамасын, командирлерді (бастықтарды) аттестаттауды ұйымдастырады және жүргізеді;

63) Қарулы Күштерде режимдік үй-жайларды арнайы тексеруді, техникалық құралдарды арнайы зерттеуді және арнайы тексеруді ұйымдастырады және жүргізеді;

64) Министрлікке Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдары мен ұйымдары берген мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды қамтамасыз етеді;

65) өз құзыреті шегінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізеді;

66) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының әскери ұлттық стандарттарын әзірлейді, келіседі, әзірлеуге, өзгертуге және олардың күшін жоюға қатысады;

67) әскери мақсаттағы ғарыш қызметі саласындағы жобаларды іске асыруды ұйымдастырады;

68) ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, қосарланған және әскери мақсаттағы ғарыш қызметі саласындағы жобаларды іске асырады;

69) қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау органдарының радиоэлектрондық құралдары үшін жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) пайдалануға рұқсат береді;

70) Қарулы Күштерді метрологиялық қамтамасыз ету мәселелері бойынша қағидалар мен нұсқаулықтарды бекітеді;

71) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

72) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылауды жүргізеді;

73) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақтарды және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аудандарды белгілеу қағидаларын және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары,

базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аймақтар және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арсеналдары, базалары мен қоймалары жанындағы тыйым салынған аудандар тізбесін әзірлейді;

74) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен келісу бойынша уәкілетті органдардың пилотсыз әуе кемелерінің шекаралық белдеу үстінен ұшуды жүзеге асыруына рұқсат береді;

75) Қарулы Күштерде техникалық барлауға қарсы іс-қимыл бойынша іс-шараларды ұйымдастырады және жүргізеді;

76) қорғаныс объектілерін салу, реконструкциялау және пайдалану үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалануға беру қағидаларын бекітеді;

77) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша жекеше әріптеске шығындарды өтеу үшін қорғаныс объектілерін иеліктен шығару қағидаларын бекітеді;

78) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша иеліктен шығарылатын қорғаныс объектілерінің тізбесін әзірлейді;

79) Министрліктің құрылымдық бөлімшелері және әскер түрлерінің, тектерінің және өңірлік қолбасшылықтар әскерлерінің басқару органдары туралы ережелерді бекітеді;

80) қару-жарақтың, әскери техниканың, күрделі салымдар мен басқа да материалдық-техникалық құралдардың негізгі түрлеріне тапсырыстар беру, сатып алу көлемін, сондай-ақ Қарулы Күштер түрлері, әскер тектері, өңірлік қолбасшылықтар мен Министрліктің жабдықталым құрылымдық бөлімшелері бойынша бюджет қаражатын бөлуді бекітеді;

81) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қарулануына қару-жарақ пен әскери техниканы қабылдау қағидаларын бекітеді;

82) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қарулануынан қару-жарақ пен әскери техниканы алу қағидаларын бекітеді;

83) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қару-жарағы мен әскери техникасының кадастрын бекітеді;

84) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери киім нысанын киіп жүру және айырым белгілерін, сондай-ақ басқа да белгілерді тағып жүру қағидаларын бекітеді;

85) меншік нысанына қарамастан, ұйымдарда Министрлік әскери өкілдіктерінің жұмысы жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

86) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 13.08.2025 № 616 (16.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

87) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша Қарулы Күштерді жабдықтау нормаларын бекітеді;

- 88) әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың әскери есебін жүргізу тәртібі туралы қағидаларды бекітеді;
- 89) әскери атташе аппараты әскери қызметшілерінің қызметін және қызмет өткеру шарттарын ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;
- 90) жергілікті әскери басқару органдары туралы ережені бекітеді;
- 91) бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру тәртібін бекітеді;
- 92) жалпыға бірдей әскери оқыту бағдарламаларын бекітеді;
- 93) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларын және әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережені бекітеді;
- 94) оларда қызмет өткеру әскери қызметшілерге жыл сайынғы негізгі демалысқа қосымша 10 тәулік демалыс беруге құқық беретін жергілікті жерлердің тізбесін бекітеді ;
- 95) тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың бірінші басшыларымен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілеріне, әскери оқу орындарының бірінші және екінші курс курсанттарына пошта жөнелтілімдеріне өтемақы мөлшерін бекітеді;
- 96) Қарулы Күштердің механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекітеді;
- 97) Қарулы Күштердің әскери полиция органдарында тіркелген механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруді жүргізу қағидаларын бекітеді;
- 98) Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясындағы авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тергеп-тексеру қағидаларын бекітеді;
- 99) дербестендірілген белгілердің, омырауға тағатын белгілердің және өзге де әскери-геральдикалық белгілердің, әскери оқу орындарын бітіргені туралы, сыныпты мамандарға арналған белгілердің, әскери-қолданбалы, қызметтік-қолданбалы, техникалық және басқа да спорттық іс-шаралардың жүлдегерлеріне арналған наградалық медальдардың (белгілердің) сипаттамасын, сондай-ақ оларды беру және Қарулы Күштер әскери қызметшілерінің тағып жүру тәртібін бекітеді;
- 100) әскери бөлімдер мен ұйымдарға нақты және шартты атаулар беру және Қарулы Күштерде хат-хабар алмасу кезінде оларды қолдану қағидаларын бекітеді;
- 101) Қарулы Күштерде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;
- 102) Министрлік орталық аппаратының әскери қызметшілеріне қызметтік куәлік беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекітеді;
- 103) Қарулы Күштердегі қаржылық және шаруашылық қызметті ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

104) Қарулы Күштердің арсеналдарында, базалары мен қоймаларында зымырандарды және оқ-дәрілерді сақтауды ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекітеді;

105) қару мен оқ-дәрілердің ұрлануы, жоғалуы не әскери қызметшінің әскери бөлім орналасқан жерді қаруымен өз бетімен тастап кетуі туралы ақпаратқа Қарулы Күштердің әскери бөлімдері қолбасшылығының және әскери полиция органдарының ден қою қағидаларын бекітеді;

106) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша әскерге шақыруға дейінгі даярлық қағидаларын бекітеді;

107) әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлық қағидаларын бекітеді;

108) запастағы офицерлер мен запастағы сержанттар бағдарламасы бойынша әскери даярлық қағидаларын бекітеді;

109) Министрліктің әскери оқу орындарынан оқудан шығару қағидаларын бекітеді;

110) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қарулы Күштердің әскери медицина мамандарын даярлау қағидаларын бекітеді;

111) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша әскери оқу орындары мен әскери кафедралардағы (әскери факультеттердегі) оқу-материалдық базаны ұйымдастыру және пайдалану қағидаларын бекітеді;

112) шетел әскери оқу орындарында даярлау үшін Қарулы Күштердің әскери қызметшілерін іріктеу қағидаларын бекітеді;

113) Қарулы Күштерде дене шынықтыру дайындығы қағидаларын бекітеді;

114) Қарулы Күштерді топогеодезиялық қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;

115) Қарулы Күштерді навигациялық қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;

116) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 22.07.2025 № 557 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

116-1) Қарулы Күштердің әскери, арнайы оқу орны бірінші басшысының ұсынысы негізінде ақылы негізде ұсынылатын әскери, арнайы оқу орнының тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағаны бекітеді;

116-2) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 22.07.2025 № 557 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

116-3) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 22.07.2025 № 557 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

116-4) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 22.07.2025 № 557 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

116-5) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 22.07.2025 № 557 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

116-6) әскери, арнайы оқу орындарының тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны жұмсау қағидаларын бекітеді;

117) полиграфологиялық және психологиялық-физиологиялық зерттеулерді қолданып тексеру жүргізу қағидаларын бекітеді;

117-1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының әскери қызметшілеріне қызметтік куәлік пен жетонды беру, пайдалану және олардың сипаттамасы қағидаларын бекітеді;

118) Қарулы Күштер әскери полиция органдарының Қарулы Күштер көлік құралдарының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

119) әскери көлік құралдарының және арнайы мақсаттағы көлік құралдарының колонналарына ілесіп жүруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету, автомобиль жолдары мен көшелерде осы колонналар өтетін уақытта жол жүрісін реттеу қағидаларын бекітеді;

120) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының гауптвахтасындағы ішкі тәртіптеме және онда күдіктілерді, айыпталушыларды және сотталушыларды ұстау қағидаларын бекітеді;

120-1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының гауптвахтасындағы ішкі тәртіптеме және онда сотталғандарды ұстау қағидаларын бекітеді;

120-2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органы бойынша кезекші жанындағы уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайлардың қызметін ұйымдастыру тәртібін және олардағы ішкі тәртіптеменің үлгілік қағидаларын бекітеді;

120-3) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарының гауптвахтасында ұсталатын әскери қызметшілерді (әкімшілік қамаққа алынған әскери қызметшілерден басқа) гауптвахтадан тыс жерде күзету және алып жүру (айдауылмен алып жүру) қағидаларын бекітеді;

120-4) Қазақстан Республика Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарындағы қызметке алғаш кіретін азаматтардың тағылымдамадан (сынақ мерзімінен) өту тәртібі мен шарттарын бекітеді;

120-5) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдары арнаулы құралдарының тізбесін бекітеді;

120-6) Қазақстан Республикасының Бас прокурорымен келісу бойынша әскери басқару органдарының қауіпсіздік шараларын жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

120-7) бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша әскери басқару органдарының мемлекеттік қорғау шараларын қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;

121) әскери қызметшілердің Қарулы Күштер әскери полиция органдарының гауптвахтасында әкімшілік қамаққа алуды өтеу қағидаларын бекітеді;

122) Қарулы Күштер әскери полиция органдарының патрульдік-бекеттік қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

123) Қарулы Күштер әскери полиция органдарының қауіпсіздік шараларын жүзеге асыруы қағидаларын бекітеді;

124) Қарулы Күштердің әскери полиция органдары әскери қызметшілерінің қызметтік әдеп қағидаларын бекітеді;

125) Қарулы Күштерде әскерлер қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

126) қылмыстық процесті жүргізетін органдардан жасырынып жүрген, сондай-ақ әскери бөлімді (мекемені) немесе қызмет орнын өз бетінше тастап кеткен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерін іздестіруді ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

127) Министрлік әскери барлау органдарының жария етілмейтін құрамының тізбесін бекітеді;

128) Қарулы Күштердің жеке құрамын есепке алу қағидаларын бекітеді;

129) "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік, жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасының "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік әзірлігін арттыру" бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша республикалық бюджетте өкілдік шығыстарға көзделген қаражатты пайдалану жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

130) Қарулы Күштер полигондарының және оқу-жаттығу орталықтарының қызметі қағидаларын бекітеді;

131) Министрліктің ғимаратына өткізу режимін қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;

132) жергілікті әскери басқару органдарының қызметтік ісін бағалау жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

133) жергілікті әскери басқару органдарында кезекшілер қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

134) қорғанысты ғылыми қамтамасыз етуді ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

135) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналысы саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік авиация борттық дәріқобдишасының және алып жүрілетін авариялық қорының дәрілік заттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарының тізбесін бекітеді;

136) Қарулы Күштер ведомстволық күзет бөлімшелерінің Қарулы Күштердің әскери бөлімдері мен мекемелерін күзетуін ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

137) ішкі аудит қызметі туралы ережені бекітеді;

137-1) Қарулы Күштерде өртке қарсы қорғанысты ұйымдастыру және қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;

138) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.09.2024 № 753 қаулысымен;

139) Қарулы Күштер әскери қызметшілерінің еңбек сіңірген жылдарын есептеуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

140) Қарулы Күштерде жауынгерлік кезекшілікті атқаруды бағалау әдістемесін бекітеді;

141) Қарулы Күштерде жауынгерлік даярлықты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі қағидаларды бекітеді;

142) Қарулы Күштердің гарнизондарында, әскери бөлімдерінде (мекемелерінде) диверсияға қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;

143) Қарулы Күштердің жеке құрамымен тәрбие, әлеуметтік-құқықтық, психологиялық және идеологиялық жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

144) Қарулы Күштердің әскери мүлкін пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекітеді;

145) Қарулы Күштерден шығарылатын адамдарды әлеуметтік бейімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекітеді;

146) Қарулы Күштерде жауынгерлік кезекшілікті ұйымдастыру және атқару қағидаларын бекітеді;

147) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Қарулы Күштерде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

148) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Қарулы Күштерде мемлекеттік құпияларды қорғау және ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жыл сайынғы іс-шаралар жоспарын бекітеді;

149) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға байланысты жұмыстарды жүргізуге рұқсат алу үшін Қарулы Күштер әскери басқару органдарының, республикалық мемлекеттік мекемелерінің арнайы сараптамаларын және командирлерді (бастықтарды) аттестаттауды жүргізу жөніндегі сараптау комиссияларының құрамын бекітеді;

150) Министрлікке ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарының ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобаларды (бағдарламаларды) орындауы шеңберінде іске асырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды және технологиялық жұмыстарды ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекітеді;

151) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 22.07.2025 № 557 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

152) Қарулы Күштер әскери басқару органдарының, республикалық мемлекеттік мекемелерінің ұйымдық-штаттық іс-шаралары материалдарын жоспарлау және дайындау, штаттары мен табельдерін әзірлеу жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

153) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен әскери атақтар тізбесіне сәйкес Қарулы Күштер әскери қызметшілері штаттық лауазымдарының, әскери атақтарының, әскери-есептік мамандықтарының тізбесін, лауазымдары мен әскери атақтарының кодтарын бекітеді;

154) Қарулы Күштер әскери басқару органдарының, республикалық мемлекеттік мекемелерінің орналасу есебін жүргізу қағидаларын бекітеді;

155) Қарулы Күштердің жұмылдырылуын өрістету қағидаларын бекітеді;

156) бітімгершілік операцияларға қатысу үшін Қарулы Күштердің әскери қызметшілерін іріктеуді жүргізу қағидаларын бекітеді;

157) Қарулы Күштер әскери полициясы органдарының кинологиялық қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

158) Қарулы Күштердің көлік құралдарын бақылауды және 200 километрден астам қашықтықта пайдалануды ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

159) Қарулы Күштерде парашюттік (парашюттік-десанттық, әуе-десанттық) даярлық жөніндегі қағидаларды бекітеді;

160) Қарулы Күштерде әскери (корабльдік) шаруашылықты жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

161) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.09.2024 № 753 қаулысымен;

162) Қарулы Күштер әскери оркестрлерінің, әскери дирижерлері мен мәдени-демалыс орталықтары музыканттарының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

163) Қарулы Күштерде құпияландырылған байланыс қауіпсіздігін ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

164) Қарулы Күштерде құпияландырылған байланыстың ведомстволық желісі жабдығын орналастыру және монтаждау жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

165) Қарулы Күштерде байланыс қауіпсіздігін ұйымдастыру және байланыс қауіпсіздігі бұзушылықтарын жіктеу қағидаларын бекітеді;

166) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастырған кезде Министрліктің, Бас штабтың және Қарулы Күштердің құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекітеді;

166-1) Министрліктің мүддесінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде Министрліктің, Бас штабтың және Қарулы Күштердің құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекітеді;

167) Қарулы Күштерде әскери қызмет қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;

168) Министрліктің мамандандырылған ұйымдарының қызметтік жұмысын бағалау жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

169) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша алғашқы көмек (жеке, топтық) дәріқобдишаларының тізімдемелерін бекітеді;

170) Министрлік әскери барлау органдарының жедел-ізвестіру қызметін жүргізу және өздеріне жүктелген өзге де міндеттерді шешу үшін қажетті ақпаратты құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен алу қағидаларын және негіздерін бекітеді;

171) Министрлікте және Қарулы Күштерде жеке және қызмет бабында пайдаланылатын техникалық құралдарды (ұялы байланыс абоненттік құрылғыларын және мобильді құрылғыларды) алып кіру, алып шығу және пайдалану қағидаларын бекітеді;

172) Министрліктің террористік тұрғыдан осал әскери бөлімдері мен мекемелерінің санаттарына сәйкес тізбесін бекітеді;

173) Қарулы Күштерде әскери тасымалдарды ұйымдастыру қағидаларын және Қарулы Күштерде әскери тасымалдарды ресімдеу және оларға ақы төлеу қағидаларын бекітеді;

174) Қарулы Күштердің әскери-медициналық бөлімшелерінде жеке құрамға медициналық қарап-тексеруді жүргізу тәртібі мен кезеңділігін бекітеді;

175) тағайындау кезінде әскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдарына қатысты психологиялық-физиологиялық және полиграфологиялық зерттеулер қолданылып, тексеру жүргізілетін әскери лауазымдар тізбесін бекітеді;

176) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне куәліктер беру қағидаларын бекітеді;

177) ұшу қауіпсіздігі мәселелері бойынша мемлекеттік авиацияның қызметіне мемлекеттік бақылау және қадағалау жүргізу қағидаларын бекітеді;

178) әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның бірыңғай операторына бекітіліп берілген әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның жұмыс істеуін қамтамасыз ету шеңберінде әскери мақсаттағы тауарларға (өнімге), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларға (өнімге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге баға белгілеу қағидаларын әзірлейді;

179) әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым бірыңғай операторының жұмыс істеу қағидаларын бекітеді;

180) арнаулы мемлекеттік органдардың әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектілерін қоспағанда, әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның бірыңғай операторына бекітіліп берілетін әскери мақсаттағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің тізбесін бекітеді;

181) мүдделі мемлекеттік органдармен келісу бойынша оқ-дәрілерді дереу жоюды қажет ететін оқ-дәрілерге жатқызу өлшемшарттарын, сондай-ақ оларды жою тәртібін бекітеді;

182) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 13.08.2025 № 616 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

183) денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

184) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелер жұмыскерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;

185) әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелердің қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

186) әскери-медициналық (медициналық) қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;

187) әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелердің басшыларын лауазымдарға тағайындайды және лауазымдардан босатады;

188) денсаулық сақтау саласындағы ведомстволық электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің, ақпараттық-коммуникациялық желілердің құрылуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

189) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган мен оның аумақтық бөлімшесін бір мезгілде хабардар ете отырып, әскерлердің, бөлімшелер мен ведомстволық ұйымдардың аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді белгілейді (оның күшін жояды);

190) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында, мемлекеттік авиацияда қызмет өткеру үшін адамдардың денсаулық жағдайына қойылатын талаптарды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

191) ведомстволық әскери-медициналық (медициналық) статистикалық есептілік нысандарын бекітеді;

192) Қарулы Күштерде медициналық көмек көрсету кезінде Қазақстан Республикасында тіркелген және әскери-медициналық мекемелердің (ұйымдардың) дәрілік формулярына енгізілмеген дәрілік заттардың тізбесін бекітеді;

193) әуе кеңістігін пайдалану және мемлекеттік авиация қызметі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыруды жүзеге асырады;

194) әуе шабуылына тойтарыс беру немесе әуе кеңістігінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзуды болғызбау және (немесе) тоқтату жөнінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының егемендігіне, аумақтық тұтастығына және қауіпсіздігіне қарсы күш қолдануды немесе күш қолдану қатерін жою жөнінде шаралар қабылдайды;

195) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзудың жолын кеседі;

196) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметімен, ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу бойынша тыйым салынған аймақтар мен ұшуға шектеу қойылған аймақтардың тізбесін әзірлейді және бекітеді;

197) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидаларына сәйкес әуе кеңістігін пайдалануға арналған режимдерді және қысқа мерзімді шектеулерді белгілейді;

198) тыйым салынған аймақтар мен ұшуға шектеу қойылған аймақтар аумағының үстінен ұшып өтуге Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметімен және ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісілгеннен кейін арнайы рұқсаттар береді;

199) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге арнайы бөлінген дәліздерден тыс әуе кеңістігінде шет мемлекеттердің әуе кемелерінің халықаралық ұшуды орындауына рұқсаттар береді;

200) шет мемлекеттердің мемлекеттік авиациясы әуе кемелерінің халықаралық ұшуды орындауына арналған рұқсаттарды келіседі;

201) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзушылықтарды есепке алуды жүргізеді;

202) Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының ұшуды жүргізу қағидаларын бекітеді;

203) мемлекеттік авиацияда авиациялық оқиғаларды болғызбау жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

204) Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясын инженерлік-авиациялық қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;

205) Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясын штурмандық қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;

206) Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелеріне мемлекеттік, тіркелім және қосымша танылым белгілерін салу жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

207) әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының), автомобиль жолдарының әуеайлақтық учаскелерінің пайдалануға жарамдылығының нормаларын және Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуеайлақтарына қойылатын тактикалық-техникалық талаптарды бекітеді;

208) Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын) пайдалану қағидаларын бекітеді;

209) мемлекеттік авиацияның әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекітеді;

210) мемлекеттік авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы туралы қорытынды береді;

211) мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі талаптарының бұзылуын есепке алуды жүргізеді, авиациялық оқиғалар мен инциденттерді сыныптауды, мемлекеттік

- органдардың мемлекеттік авиация саласындағы авиациялық оқиғалар мен инциденттерге тексеру жүргізу жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асырады;
- 212) ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және жүргізеді;
- 213) Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының авиациялық іздестіру-құтқару қызметі жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;
- 214) Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының ұшуын медициналық қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;
- 215) Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының ұшуын метеорологиялық қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;
- 216) Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының ұшуын орнитологиялық қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;
- 217) Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының әуе кемелерін тіркеу қағидаларын бекітеді;
- 218) мемлекеттік авиацияның әуеайлақтарында (тікұшақ айлақтарында) автомобиль және электр-газ техникасын пайдалану жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;
- 219) мемлекеттік авиацияның әуеайлақтарында (тікұшақ айлақтарында) автокөліктің, ұшуды жерүсті қамтамасыз ету құралдарының және жаяу жүргіншілердің қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;
- 220) мемлекеттік авиацияның ұшуын әуеайлақтық-техникалық қамтамасыз ету құралдарының атқарым нормаларын (қызмет ету мерзімдерін) бекітеді;
- 221) мемлекеттік авиацияның әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын), қону алаңдарын, ұшуды қамтамасыз ету және басқару құралдарын бірлесіп пайдалану туралы нұсқаулықты бекітеді;
- 222) мемлекеттік авиацияда авиациялық жанар-жағармай материалдарының және арнайы сұйықтықтардың сапасын қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;
- 223) мемлекеттік авиацияда әуе тасымалдарын ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;
- 224) әуе қозғалысын басқару жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;
- 225) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рұқсаттарды береді;
- 226) өз құзыреті шегінде Мемлекеттік шекара режимінің бұзылуына байланысты тосын оқиғаларды шешуге қатысады, осы мақсаттар үшін өзге де уәкілетті органдарды тартады;
- 227) аумақтық сулардағы теңіз дәліздері мен қозғалыстарды бөлу схемасын белгілеу бойынша ұсыныстар әзірлейді;

228) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі іс-шараларды орындау үшін уәкілетті органдардың күштері мен құралдарын тартады;

229) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне Мемлекеттік шекараны қорғауды қамтамасыз етуде жәрдем көрсетеді;

230) мемлекеттің Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары және мемлекеттің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

231) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қорғаныс министрінің актісі негізінде Қорғаныс министрлігі шегінде әскери мүлікті береді;

232) өздерінің жедел басқаруындағы қару-жарақ пен әскери техниканың айналымына бақылауды жүзеге асырады;

233) мүлікті пайдаланылмайтын мүлік деп тану туралы шешім қабылдайды;

234) оқ-дәрілерді жоюды жүзеге асырады;

235) мүліктік жалдауға (жалға) берілген пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін қоспағанда, пайдаланылмайтын қорғаныс объектілерін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға береді;

236) қару-жарақ пен әскери техниканың жаңа үлгілері және сатып алуға ұсынылатындары үшін тактикалық-техникалық сипаттаманы айқындайды;

237) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларда мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларды таңдауды жүзеге асырады және бекітілген мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың тапсырмаларын оларға жеткізеді;

238) қорғаныс өнеркәсібі саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде сатып алынатын, "Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабы 2-тармағының 1-1), 2), 3), 7) және 12) тармақшаларында көзделген әскери мақсаттағы тауарлар (өнімдер), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлар (өнімдер), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтер тізбесін бекітеді;

239) өз құзыреті шегінде мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың тапсырмаларын орындауды қамтамасыз етеді;

240) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың тәжірибелік үлгілеріне мемлекеттік сынақтарды ұйымдастырады және жүргізеді және оларды қарулануға, жарактандыруға, жабдықтауға және пайдалануға қабылдау үшін құжаттама дайындайды;

241) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың тәжірибелік үлгілерін қарулануға, жарактандыруға, жабдықтауға және пайдалануға қабылдау үшін құжаттарды дайындауға, оларды сериялап өндіруге беру үшін конструкторлық, техникалық және өзге де құжаттаманы келісуге қатысады;

242) қару-жарақтың, әскери және арнайы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың тәжірибелік үлгілерін қарулануға, жарактандыруға, жабдықтауға және пайдалануға қабылдап алуды жүзеге асырады;

243) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2023 № 593 қаулысымен;

244) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 15.07.2023 № 593 қаулысымен;

245) азаматтарды әскери-патриоттық тәрбиелеу қағидаларын әзірлейді;

246) қызметтік тұрғынжайды ұстау және орталықтандырылған жылыту бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етілетін, сондай-ақ қызметтік тұрғынжайы жекешелендіруге жатпайтын жабық және оқшауланған әскери қалашықтардың, өзге де жабық объектілердің тізбесін бекітеді;

247) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.08.2025 № 616 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

248) тармақша осы қаулының 3-тармағына сәйкес 24.11.2022 бастап қолданысқа енгізілді.

248) соғыс жағдайы режимі жағдайларында және Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігі мен қорғанысы шеңберінде биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды ведомствоаралық үйлестіруді Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы Күштер туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

249) тармақша осы қаулының 3-тармағына сәйкес 24.11.2022 бастап қолданысқа енгізілді.

249) биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде, оның ішінде:

биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамасына сәйкес жұртшылыққа биологиялық қатерге әкелетін жағдай туралы ақпарат беру;

биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алуды, мониторингті жүргізу және болжау (модельдеу) қағидаларына сәйкес биологиялық қауіпсіздік саласындағы

статистикалық ақпаратты және өзге де есепке алу мен есептік құжаттаманы (ақпаратты) беру;

биологиялық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерімен байланысты нормативтік құқықтық актілердің, нормативтік техникалық құжаттардың, ұлттық және (немесе) мемлекетаралық стандарттардың жобаларын келісу арқылы жүзеге асырады;

биологиялық тәуекелдерді басқару әдістемелерін әзірлеу және бекіту;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

250) тармақша осы қаулының 3-тармағына сәйкес 24.11.2022 бастап қолданысқа енгізілді.

250) Қарулы Күштерді радиациялық, химиялық және биологиялық қорғауды қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді.

251) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асырады;

252) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөнінде кеңес құрады;

253) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылуы жөнінде ақпарат береді;

254) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жоспарланатын тақырыптарын және іске асырылуы жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалауды өзінің интернет-ресурсында орналастырады;

255) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық, консультативтік, әдістемелік қолдау көрсетеді;

256) өздерінің құзыреті шегінде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы мемлекеттік гранттар береді және оператордың мемлекеттік гранттардың іске асырылу нәтижелері туралы есебін қарайды;

257) мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына сәйкес азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып, мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалауды жүзеге асырады;

258) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесінің ұсынымдары негізінде бағыттары мен қаржыландыру көлемі бойынша мемлекеттік гранттарды қалыптастырады;

259) стратегиялық әріптестерді конкурстық іріктеуді жүргізеді және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес олармен шарттар жасасады;

260) стратегиялық әріптестердің жасалған шарттарға және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес міндеттемелерді орындауын бағалауды жүзеге асырады;

261) жыл сайын 1 желтоқсанға дейін үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыстың нәтижелері туралы ақпарат ұсынады;

262) арыз иелері көтеретін жүйелі проблемаларды талдайды және анықтайды;

263) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

264) "Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылауды жүзеге асырады;

265) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Мемлекеттік күзет қызметімен, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери бөлімі мен мекемесінің Жауынгерлік Туына арналған Қазақстан Республикасы Президентінің Грамотасы бланкісінің сипаттамасы мен үлгісін бекітеді;

266) Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының ұшуын объективті бақылауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

267) Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясы авиациялық персоналының сыныптық біліктілігін беру (растау және төмендету) туралы нұсқаулықты бекітеді;

268) Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясында ұшу жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

269) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша қорғаныс мұқтажын және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында радиоэлектрондық құралдар үшін жиілік белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) беру қағидаларын бекітеді;

270) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғаудың криптографиялық құралдарын жобалауды, енгізуді, сүйемелдеуді және шығаруды ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекітеді;

271) Қарулы Күштерді гидрометеорологиялық қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді ;

272) Қарулы Күштерде әуе шабуылына қарсы қорғаныс бөлімшелерін орналастыру жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

273) Қарулы Күштердегі қызметтердің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

274) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бекітетін мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер, сондай-ақ оларды қызметтен шығару, оларда банктік қарыздың, микрокредиттің болуы не болмауы, банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша төлемді кейінге қалдырудың ұсынылуы туралы мәліметтерді алмасу қағидаларын келіседі;

275) Қарулы Күштердің әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша қағидаларды бекітеді;

276) Қарулы Күштердің әскери бөлімдерінде, мекемелері мен ұйымдарында мөрлер, мөртаңбалар жасау, сақтау және оларды пайдалану жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

277) Қарулы Күштерде парашютсіз десант түсіру жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

278) Қарулы Күштердегі таудағы даярлық жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

279) бірыңғай мемлекеттік тіл саясатын іске асыруға қатысады;

280) Қарулы Күштердегі әскери бөлімдер мен мекемелердің қызметтік ісіне ведомствоішілік тексеру және бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

281) Қарулы Күштердің орталық, өңірлік флоттық және әскери қоймаларында әскери мүлікті сақтауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

282) Қорғаныс министрлігіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға қажетті меморандумдар жасасады;

283) мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді білім беру жеңілдігін алуға конкурстық іріктеу қағидаларын әзірлейді және оларды ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша құрылымында әскери қызмет өткеру көзделген мемлекеттік органдардың бірінші басшыларымен бірлесіп бекітеді;

284) алып тасталды – ҚР Үкіметінің 13.08.2025 № 616 (16.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

285) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша Қарулы Күштердің мемлекеттік мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу және оларды өткізуден түскен ақшаны пайдалану қағидаларын бекітеді;

286) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің құнын белгілеу қағидаларын бекітеді;

287) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік тапсырманың құнын белгілеу қағидаларын бекітеді;

288) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша лизинг шарты шеңберінде жүзеге асырылатын күрделі шығыстардың құны мен нысанасын белгілеу қағидаларын бекітеді;

289) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде резервте әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілердің жауынгерлік даярлық бойынша сабақтардан немесе жиындардан, дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындардан өту қағидаларын бекітеді.

290) білім беру, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша білім беру ұйымдарында әскери даярлықтың сапасын мониторингтеу және талдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

291) Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарының бірінші басшыларымен бірлесіп, әскери қызметшілерді көлік құралдарын басқаруға даярлау, емтихандар қабылдау және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына тиесілі көлік құралдарын басқару құқығын беретін әскери қызметшілердің жүргізуші куәлігін беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

292) Қорғаныс министрлігінің жанынан әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі үйлестіру кеңесін құрады және ол туралы ережені бекітеді;

293) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлық қағидаларын бекітеді;

294) бастапқы әскери, әскерге шақыруға дейінгі және әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлықты жүзеге асыратын азаматтардың біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасын әзірлейді және бекітеді;

295) әскерге шақыруға дейінгі даярлық бөлігінде балаларға арналған қосымша білім беруді реттейтін, сондай-ақ бастапқы әскери даярлықты, оның ішінде әскерге шақыруға дейінгі және әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлық шеңберінде жүзеге асыратын педагогтерге қатысты бөлігінде аттестаттау, біліктілік санатын беру, біліктілігін арттыру мен педагогикалық қайта даярлау тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлеуге және келісуге қатысады;

296) әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлықты мамандандырылған білім беру ұйымдарын құруды, қайта ұйымдастыруды және таратуды келіседі;

297) әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлықты мамандандырылған білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау және оларды лауазымынан босату тәртібін, сондай-ақ олардың біліктілік сипаттамасын келіседі;

298) әскерге шақыруға дейінгі тереңдетілген даярлықты мамандандырылған білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауға қатысады;

299) әскери кафедра (әскери факультет) қызметінің қағидаларын бекітеді;

- 300) әскери кафедрадағы (әскери факультеттегі) әскери даярлық бағдарламаларының тізбесін бекітеді;
- 301) әскери кафедрада (әскери факультетте) оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;
- 302) әскери міндеттілерді курстық даярлықтан өткізу қағидаларын бекітеді;
- 303) әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі аумақтық үйлестіру кеңестері туралы үлгілік ережені бекітеді;
- 304) білім беру, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламаларын бекітеді;
- 305) Қазақстан Республикасының басқа да әскерлерімен және әскери құралымдарымен, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы өзара іс-қимылды ұйымдастырады және жүзеге асырады;
- 306) мемлекетте қорғаныс мұқтажын, қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қару-жарақтың, әскери, автомобиль және арнаулы техниканың, техникалық және арнайы құралдардың қажетті түрімен қамтамасыз етуді ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастыруға қатысады;
- 307) орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен, олардың ведомстволарымен әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы өзара іс-қимылды ұйымдастырады және жүзеге асырады;
- 308) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың орындалуын салааралық үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады;
- 309) ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметін ұйымдастырады;
- 310) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларын әзірлейді;
- 311) монополияға қарсы органмен келісу бойынша мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде әскери мақсаттағы тауарларға (өнімдерге), қосарланған мақсаттағы (қолданылатын) тауарларға (өнімдерге), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерге баға белгілеу қағидаларын әзірлейді;
- 312) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы тауарларды (өнімдерді) отандық өндірушілердің және әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді отандық берушілердің тізілімін қалыптастырады, бекітеді және жүргізеді;
- 313) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларды

қоспағанда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыны таңдауды жүзеге асырады;

314) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастырады, оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынады және бекітілген мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың тапсырмаларын мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушыларға жеткізеді;

315) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушымен мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шартты жасасады;

316) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қаржыландыруды жүзеге асырады;

317) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органның бюджетінде көзделген жағдайда, шарт сомасының үнемделуі орын алған, ол азайтылған не ұлғайтылған, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға арналған шарттың мерзімі ұзартылған кезде жоспарлы кезеңге бөлінген шектерде мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражатын қайта бөлу туралы шешім қабылдайды;

318) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының бюджетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушыларды әскери мақсаттағы тауарлармен (өнімдермен) және қосарлы мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлармен (өнімдермен) қамтамасыз етеді;

319) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органның бюджетінде көзделген жағдайда, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларына сәйкес мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде сатып алынатын әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің тактикалық-техникалық тапсырмаға (техникалық өзіндік ерекшелікке, тактикалық-техникалық сипаттамаларға) сәйкестігін қамтамасыз етеді;

320) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберіндегі бюджет қаражаты мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті органның бюджетінде көзделген жағдайда орындалған ғылыми зерттеулер бойынша есептерді бекітеді;

321) мүдделі орталық атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен келісу бойынша тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстардың нәтижесіне сынақтар жүргізу қағидаларын бекітеді;

322) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайды жою мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде қатынас жолдарын техникалық жабу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

323) қатынас жолдарына әскери-техникалық талаптарды белгілейді;

324) Қорғаныс министрлігі пайдаланатын кірме жолдарды пайдалану, оларға қызмет көрсету, күтіп-ұстау, жөндеу және оларды салуды жоспарлау қағидаларын көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы органмен бірлесіп бекітеді;

325) әскери қатынас органдары туралы ережені бекітеді;

326) әскери қатынас органдарының қызметін ұйымдастырады;

327) әскери-техникалық талаптарды сақтау бөлігінде "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 23-1-бабының 5-тармағында көрсетілген көлік инфрақұрылымы объектілерін салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және кейіннен кәдеге жаратуға жобалауға арналған тапсырманы және жобалау құжаттамасын келіседі;

328) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери бөлімдерінің, мекемелерінің аумағында өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

329) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тұрғын үй комиссиялары қызметінің және ақпараттық жүйесінің жұмыс тәртібін айқындайды;

330) әрекеттегі резервтің әскери қызметшісіне, штаттағы жасырын қызметкерге тұрғын үй төлемін жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

331) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында әскери кафедра (әскери факультет) құру және тарату туралы шешім қабылдайды және ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында әскери кафедра (әскери факультет) құру және тарату қағидаларын бекітеді;

332) Қазақстан Республикасының Үкіметіне аумақтық қорғаныс саласындағы негізгі бағыттар, сондай-ақ оны жоспарлау бойынша ұсыныстар енгізеді;

333) өз құзыреті шегінде аумақтық қорғаныс саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін бекітеді;

334) аумақтық әскерді қару-жарақпен және әскери техникамен қамтамасыз етеді;

335) Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысын дайындау және жүргізу қағидаларын әзірлейді;

336) Қазақстан Республикасының аумақтық қорғаныс объектілерінің тізбесін әзірлейді;

337) аумақтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

338) далалық төлемді жүзеге асыру қағидаларын бекітеді.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.10.2022 № 834 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 15.12.2022 № 1012; 11.05.2023 № 361; 15.07.2023 № 593; 19.09.2023 № 815; 16.02.2024 № 92; 16.09.2024 № 753 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 22.07.2025 № 557 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.08.2025 № 616 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз); 20.10.2025 № 881; 04.03.2026 № 144 қаулыларымен.

3-тарау. Мемлекеттік орган, алқалы орган бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Министрлікке басшылық жасауды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Министрліктің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады.

18. Министрліктің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымдарға тағайындалатын және лауазымдарынан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Министрліктің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Министрлік, құрылымдық бөлімшелер лауазымды адамдарының, Қарулы Күштер түрлері бас қолбасшыларының, Арнаулы операциялар күштері қолбасшысының, әскер тектері мен өңірлік қолбасшылықтар әскерлері қолбасшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) Қарулы Күштер түрлерінің, әскер тектерінің құрылымын, штат санын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті және Үкіметі бекіткен Қарулы Күштердің, Министрліктің және оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штат саны лимиті шегінде Министрлікке ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штат санын белгілейді;

3) бекітілген штат саны лимиті шегінде Министрліктің құрылымын және оның бөлімшелерінің штат санын айқындайды;

4) Министрліктің қызметкерлерін лауазымдарға тағайындайды және лауазымдарынан босатады;

5) барлық мемлекеттік және өзге де ұйымдарда Министрліктің атынан өкілдік етеді;

5-1) Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрығымен бекітілетін Қазақстан Республикасының аумағында сыртқы барлау саласындағы заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті прокурорлар тізбесін келіседі;

6) Қарулы Күштер жауынгерлік әзірлігінің жай-күйіне бақылауды жүзеге асырады;

7) Қазақстан Республикасының Президентіне белгіленген номенклатураға сәйкес Қарулы Күштердегі лауазымдарға орналасу үшін және жоғары әскери атақтар беруге генералдар мен офицерлердің кандидатураларын ұсынады;

8) бұйрықтар мен директивалар шығарады;

9) Қазақстан Республикасының Президентіне Қарулы Күштердің құрылысы бойынша ұсыныстарды, оларды қолдану, жұмылдыра өрістету және қаржылық қамтамасыз ету жоспарларын бекітуге ұсынады;

10) өз өкілеттіктері шегінде әскери қызметшілерді лауазымдарға тағайындайды, қызметі бойынша ауыстыру, әскери атақтар беру және одан айыру, сондай-ақ Қарулы Күштер қатарынан шығару мәселелерін шешеді;

11) Қарулы Күштердің әскери қызметшілері мен азаматтық персоналын Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға және құрметті атақтар беруге ұсынады, көтермелейді, сондай-ақ жазалар қолданады;

12) азаматтардың шағымдарын, өтініштерін қарауды және Қарулы Күштердің әскери қызметшілері мен олардың отбасы мүшелерінің, зейнеткерлерінің, қызметшілері мен қызметкерлерінің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды ұйымдастырады;

13) Министрлікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдауға дербес жауапты болады;

13-1) Қарулы Күштердің мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының ұсынысы негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған жағдайларды қоспағанда, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақша өздерінің иелігінде қалатын, кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыруға құқық берілген Қарулы Күштердің мемлекеттік мекемелерінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) тарифтерді (бағаларды) бекітеді.

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Министрліктің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.02.2024 № 92; 16.09.2024 № 753; 22.07.2025 № 557 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

20. Бірінші басшы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

21. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын аппарат басшысы немесе Министрліктің лауазымды адамы басқарады.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

22. Министрліктің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Министрліктің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақша кірісін қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен құрылады.

23. Министрлікке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Министрлік, егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, оған бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша оған берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен иелік етуге құқылы емес.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Тізбеге өзгеріс енгізу көзделген - ҚР Үкіметінің 04.12.2025 № 1039 қбп қаулысымен

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және оның ведомствосының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.08.2022 № 561 (Құпия) қаулысымен.

Құпия.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және оның ведомствосының қарамағындағы республикалық мемлекеттік мекемелердің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.08.2022 № 574 қбп; 26.10.2022 № 848 қбп; 30.11.2022 № 966 қбп; 01.03.2023 № 171 қбп; 08.04.2024 № 260 қбп; 01.04.2025 № 196 қбп қаулыларымен.

Құпия.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 2 маусымдағы
№ 357 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 тамыздағы № 1074 қаулысы.
2. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 тамыздағы № 785 қаулысының 6-тармағы.
3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 тамыздағы № 1074 қаулысы өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі № 962 қаулысы.
4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 тамыздағы № 1074 және 2003 жылғы 6 тамыздағы № 785 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы № 1241 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы.
5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің өрт қауіпсіздігі саласындағы кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қарашадағы № 1068 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 8-тармағы.
6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 тамыздағы № 1074 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 2 ақпандағы № 58 қаулысы.
7. "Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібін басқару жүйесін жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 сәуірдегі № 357 қаулысының 3-тармағының 1) тармақшасы.
8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 тамыздағы № 1074 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 104 қаулысы.
9. "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 тамыздағы № 1074 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 916 қаулысы.
10. "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 тамыздағы № 1074 қаулысына өзгеріс енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 маусымдағы № 707 қаулысының 1-тармағы.

11. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Ұлттық қорғаныс университеті" республикалық мемлекеттік мекемесін қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 1 шілдедегі № 754 қаулысының 3-тармағының 1) тармақшасы.

12. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 9 маусымдағы № 425 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы.

13. "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 тамыздағы № 1074 қаулысына толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 671 қаулысының 1-тармағы.

14. "Мемлекеттік мекемелерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарамағынан Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қарамағына беру және оларды қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 26 қыркүйектегі № 789 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы.

15. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ережені бекіту туралы" 2001 жылғы 16 тамыздағы № 1074 және " Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы" 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 995 қаулыларына толықтырулар енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1107 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы.

16. "Қазақстан Республикасының авиациялық персоналын даярлау жүйесін жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі № 184 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы.

17. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 қарашадағы № 704 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы.

18. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қазандағы № 685 қаулысы.

19. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университеті" республикалық мемлекеттік мекемесін қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 қаңтардағы № 29 қаулысының 3-тармағы.

20. "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 тамыздағы № 1074 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 772 қаулысының 1-тармағы.

21. "Кейбір республикалық мемлекеттік мекемелерді, республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 19 наурыздағы № 131 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы.

22. "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 тамыздағы № 1074 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 669 қаулысы.

23. "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 тамыздағы № 1074 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 сәуірдегі № 217 қаулысы.

24. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 694 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы.